

Халықаралық төрелік туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 23 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 08.04.2016 № 488-V Заңымен (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Заңның тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 N 125-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық төреліктің қызметі процесінде туындайтын қатынастарды, сондай-ақ халықаралық төрелік шешімдерін Қазақстанда тану және орындау тәртібі мен шарттарын реттейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 125-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қолданылу аясы

Осы Заң, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған, халықаралық төрелік шешетін дауларға қатысты қ о л д а н ы л а д ы .

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 125-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының жария тәртібі – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бекітілген мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың н е г і з д е р і ;

2) құзыретті сот – азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар туралы істерді Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес бірінші сатыда қарауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы сот

ж ү й е с і н і ң

с о т ы ;

3) төрелік – нақты дауды қарау үшін арнайы құрылған халықаралық төрелік немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік не дауды жеке-дара қарайтын төреші;

4) төрелік келісім – тараптардың азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған немесе туындауы мүмкін дауды төреліктің қарауына беру туралы жазбаша келісімі, бұл шартта төрелік ескертпе түрінде немесе субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын хаттар, жеделхаттар, телефонограммалар, телетайпограммалар, факстар, электрондық құжаттар немесе өзге де құжаттар алмасу арқылы жасалуы мүмкін;

5) төрелікте талқылау – төрелік шешім шығарумен дауды төрелікте қарау п р о ц е с і ;

6) төрелікте талқылау тараптары – араларында төрелік келісім жасасылған қ у ы н у ш ы м е н ж а у а п к е р ;

7) төреліктің регламенті – тұрақты жұмыс істейтін халықаралық төрелік қызметін ұйымдастыру тәртібі;

8) төрелік шешім – төрелік шығарған шешім;

9) төреші – дауды төрелікте шешу үшін осы Заңға сәйкес тараптар сайлаған немесе тараптармен келісілген тәртіппен тағайындалған жеке тұлға;

10) іскерлік айналымының әдет-ғұрыптары – қандай да бір құжатта тіркелгеніне-тіркелмегеніне қарамастан, қолданылатын құқыққа қайшы келмейтін, азаматтық-құқықтық шарттар саласында қалыптасқан және кеңінен қолданылатын мінез-құлық қағидалары.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 125-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық төрелік туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының халықаралық төрелік туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 125-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-бап. Төрелік іс қарау принциптері

Т ө р е л і к і с қ а р а у :

1) туындаған даулар бойынша төрелік іс қарауды жүзеге асыру тәртібі мен

шарттары мәселелерін тараптар өзара алдын ала келісу бойынша дербес шешуге құқығы бар екендігін білдіретін тараптар еркінің дербестігі;

2) төрешілер мен төреліктер өз шешімдерінде тек тараптардың келісімі бойынша қолданылатын құқық нормаларын ғана басшылыққа алатынын білдіретін заңдылық;

3) тараптардың төрелік іс қарауда бірдей құқық көлемін пайдаланатынын және бірдей міндеттер көлемін мойнына алатынын, өз ұстанымын, оны қорғау тәсілдері мен құралдарын төреліктен және басқа да органдар мен тұлғалардан дербес және тәуелсіз таңдауын білдіретін тараптардың жарыспалылығы және тең құқылылығы;

4) төрешілер мен төреліктер өздеріне берілген дауларды шешу кезінде және төрелік іс қараудың тараптары белгіленген талаптарды, қоғамның имандылық принциптерін және іскерлік әдеп ережелерін сақтай отырып, адал әрекет етуге тиіс екенін білдіретін әділеттілік;

5) заңда азаматтың тиісті органға ақпарат хабарлау міндеті тікелей көзделгеннен басқа жағдайларда, төрешілердің төрелік іс қарау барысында белгілі болған мәліметтерді тараптардың немесе олардың құқық мирасқорларының келісімінсіз жария етуге құқығы жоқ екендігін және төрелік іс қарау барысында өздеріне белгілі болған мәліметтер туралы куәлер ретінде жауап алынбайтындығын білдіретін құпиялылық принциптері сақтала отырып жүзеге асырылады.

4-1-бап. Қарсылық білдіру құқығынан бас тарту

Осы Заңның қандай да бір ережесі немесе төрелік келісімнің қандай да бір талабы сақталмағаны туралы білетін, сөйте тұра осындай сақталмауға төреліктің тұрақты жұмыс істейтін регламентінде осы мақсат үшін белгіленген мерзім ішінде қарсылықтарын мәлімдеместен төрелік іс қарауға қатысуды жалғастыра беретін тарап өзінің қарсылық білдіру құқығынан бас тартқан болып есептеледі.

Ескерту. Заң 4-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

5-бап. Төреліктің қызметіне араласуға жол берілмеушілік

Төрешілер мен төреліктер өздеріне берілген дауларды шешу кезінде тәуелсіз болады, осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, өздерінің қызметіне мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың қандай да бір араласуын болғызбайтын жағдайларда шешім қабылдайды.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

6-бап. Дауды төреліктің шешуіне беру

1. Тараптар арасында жасалған төрелік келісім болған кезде дау төреліктің қарауына берілуі мүмкін.

2. Тараптар төрелік келісімді қандай да бір нақты азаматтық-құқықтық қатынас бойынша тараптар арасында туындаған немесе туындауы мүмкін

дауларға қатысты жасасуы мүмкін.

3. Құзыретті соттың қарауында жатқан дауға қатысты төрелік келісім аталған сот дау бойынша шешім қабылдағанға дейін жасалуы мүмкін. Бұл жағдайда құзыретті сот өтінішті қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады.

4. Егер тараптардың ең болмағанда біреуі Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын, жеке және (немесе) заңды тұлғалар арасындағы даулар, сондай-ақ «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда концессия шартын орындаумен және тоқтатумен байланысты даулар тараптардың келісімі бойынша төрелікке берілуі мүмкін.

5. Егер тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса, онда дауды тұрақты жұмыс істейтін төрелікке беру кезінде тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламенті төрелік келісімнің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

6. Төрелік келісімнің қолданылуы ол қандай тәртіппен жасалса, сондай тәртіппен тараптардың келісімі бойынша тоқтатылуы мүмкін.

7. Кәмелетке толмаған адамдардың, заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың мүдделері қозғалатын даулар төреліктің қарауына жатпайды.

8. Төрелік мүліктік қатынастарға байланысты емес, адамның өмірі мен денсаулығына, жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасы құпиясына, атын алу құқығына байланысты жеке мүліктік емес қатынастардан туындайтын дауларды қарауға құқылы емес.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 125-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2014 N 225-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-1-бап. Төрелік келісім және құзыретті сотқа даудың мәні бойынша талап қою

1. Төрелік іс қарау нысанасы бойынша талап қою берілген құзыретті сот, егер төрелік келісім жарамсыз, күшін жойған немесе орындалуы мүмкін емес деп таппаса, егер тараптардың кез келгені бұл туралы өтінсе, даудың мәні бойынша өзінің алғашқы өтінішін ұсынудан кешіктірмей тараптарды төрелікке жіберуге т и і с .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген талап қоюға қарамастан құзыретті сот төрелік іс қараудың нысанасы өзінде сотта қаралуға жататындығы туралы мәселені қарастырғанша төрелік іс қараудың басталуы немесе жалғастырылуы және төрелік шешімнің шығарылуы мүмкін.

Ескерту. Заң 6-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

2-тарау. ТӨРЕЛІКТІҢ ҚҰРАМЫ

7-бап. Төрешілер

1. Істің нәтижесіне тікелей немесе жанама түрде мүдделі емес, тараптардан тәуелсіз болып табылатын және төрешінің міндеттерін атқаруға келісім берген, жасы жиырма беске толған және жоғары білімі бар жеке адам төреші болып сайланады (тағайындалады).

2. Дауды жеке-дара шешетін төрешінің жоғары заң білімі және заңгерлік мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы болуға тиіс. Дау алқалы түрде шешілетін жағдайда төрелік төрағасының жоғары заң білімі болуға тиіс.

3. Төрешілікке кандидаттарға қойылатын қосымша талаптар тараптармен тікелей келісілуі немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік регламентінде айқындалуы мүмкін.

4. Мыналар :

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен құзыретті сот судьясы сайлаған немесе тағайындаған;

2) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен құзыретті сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

3) соттылығы алынбаған немесе өтелмеген;

4) мемлекеттік қызметші, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, өз қызметін тұрақты немесе мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ақысы төленетін, жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаты және әскери қызметші болып табылатын адам төреші бола алмайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

8-бап. Төрешілердің дауды қарау кезіндегі саны

1. Тараптар төрешілер санын белгілеуге құқылы, олардың саны тақ болуға тиіс.

2. Егер тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса, онда дауды төрелікте шешу үшін үш төреші сайланады (тағайындалады).

9-бап. Төреліктің құрамы

1. Төреліктің құрамын құру тараптардың келісімі бойынша төрешілерді (төрешіні) сайлау (тағайындау) арқылы жүргізіледі.

2. Тұрақты жұмыс істейтін төрелікте төреліктің құрамын құру тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Төрелікте нақты дауды шешу үшін төреліктің құрамын құру тараптармен келісілген тәртіппен жүргізіледі.

4. Тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік не азаматтығы жоқ адам төреші болып сайлануы мүмкін.

5. Егер тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса немесе дауды тұрақты жұмыс істейтін төрелік қарамайтын болса, үш төрешіден тұратын төреліктің құрамын құру кезінде әрбір тарап бір төрешіні тағайындайды және осылайша тағайындалған екі төреші үшінші төрешіні тағайындайды.

6. Тараптардың келісімі болмаған жағдайда құзыретті сот:

1) тарап басқа тараптан бұл туралы өтінішті алған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде төрешіні тағайындамаған;

2) егер екі төреші өздерін тағайындаған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде үшінші төрешіні таңдау туралы уағдаласпаған;

3) тараптар дауды жеке-дара қарайтын төрешіні таңдау туралы уағдаласпаған жағдайларда, дау тараптарының бірінің өтініші бойынша төрешілерді (төрешіні) тұрақты жұмыс істейтін төрелік құрамындағы адамдардың қатарынан күнтізбелік отыз күн ішінде тағайындауы мүмкін.

7. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік дауды қараған кезде, егер тараптар төреліктің құрамы туралы уағдаласпаса, төрешілерді (төрешіні) тұрақты жұмыс істейтін төреліктің төрағасы күнтізбелік отыз күн ішінде тағайындауы мүмкін.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

9-1-бап. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік қызметінің шарттары

Тұрақты жұмыс істейтін төрелік өзінің төрешілерінің тізілімін жүргізеді. Заңды мекенжайын және регламентін қоса алғанда, тұрақты жұмыс істейтін төрелік туралы ақпарат, сондай-ақ төрешілердің тізілімі жеке және заңды тұлғалардың еркін танысуы үшін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-ресурстарда да орналастырылады. Төреліктің шешімдері туралы ақпарат дау тараптарының келісімі болған кезде орналастырылады.

Төрешілердің тізілімі төрешінің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), жұмыс орны, лауазымы мен жұмыс кезеңі көрсетіле отырып, жұмыс тәжірибесін, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағын (болған кезде), қараған істерінің санын қ а м т у ғ а т и і с .

Ескерту. Заң 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 125-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Төрешіден бас тарту

1. Төреші осы Заңның 7-бабының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, тараптар төрешіден бас тарту туралы мәлімдеуі мүмкін.

2. Қандай да бір жеке адамға оның төреші етіп сайлану (тағайындалу) мүмкіндігіне байланысты жүгінген жағдайда аталған адам осы Заңның 7-бабына сәйкес одан бас тарту үшін негіз болып табылатын мән-жайлардың бар екендігі туралы хабарлауға тиіс. Егер аталған мән-жайлар төрелік іс қарау кезінде

туындаған жағдайда, төреші бұл туралы тараптарға кідіріссіз хабарлауға және өздігінен бас тартатыны туралы мәлімдеуге тиіс.

3. Тарап, егер бас тарту үшін негіз болып табылатын мән-жайлар оған осы төрешіні өзі сайлағаннан кейін белгілі болған жағдайда, ол осы бапқа сәйкес өзі сайлаған төрешіден бас тарту туралы мәлімдеуі мүмкін.

4. Тұрақты жұмыс істейтін төрелікте төрешіден бас тарту рәсімі оның регламентінде айқындалуы мүмкін.

5. Төрелікте нақты дауды шешу үшін төрешіден бас тарту рәсімін тараптар келісуі мүмкін.

6. Егер төрешіден бас тарту рәсімі тараптармен келісілмесе немесе тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде айқындалмаса, онда тарап төрешіден бас тарту туралы жазбаша дәлелді өтінішті төрешіден бас тарту үшін негіз болып табылатын мән-жайлар өзіне белгілі болғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде төрелікке беруге тиіс.

Егер өзінен бас тарту мәлімделген төреші оны қанағаттандырудан бас тартса немесе тараптардың бірі төрешіден бас тартумен келіспесе, онда төреліктің құрамына кіретін төрешілер тараптардың жазбаша дәлелді өтініші алынған кезден бастап он күн мерзімде бас тарту туралы мәселені шешеді.

Дауды жеке-дара қарайтын төрешінің бас тартуы туралы мәселені сол төреші шешеді.

Егер дауды жеке-дара қарайтын төреші тараптардың бірінің немесе екеуінің де бас тарту туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартса немесе тараптардың бірі төрешіден бас тартумен келіспесе, онда тараптар бас тарту туралы мәселені төрелік іс қарауды тоқтату туралы келісім қабылдау арқылы шешеді.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

11-бап. Төрешінің өкілеттіктерін тоқтату

1. Төрешінің өкілеттіктері осы Заңда көзделген негіздер бойынша тараптардың келісімімен, сондай-ақ дауды қарау бойынша белгіленген мерзім ішінде өз өкілеттіктерін орындамаған немесе сырқаттануы бойынша, қайтыс болуына, не дауды қарау жөніндегі өз өкілеттіктерінен бас тартуына байланысты өз міндеттерін жүзеге асыруға қабілеті болмаған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

2. Төреліктің немесе дауды жеке-дара қарайтын төрешінің өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда, қаралып жатқан дау бойынша іс жүргізу басқа төрелік сайланғанға (тағайындалғанға) дейін тоқтатыла тұрады.

3. Төрешінің өкілеттіктері нақты іс бойынша шешім қабылдағаннан кейін тоқтатылады немесе егер тараптар осындай тоқтатуға қатысты уағдаласса тоқтатылады. Осы Заңның 30-бабында көзделген жағдайларда төрешінің

өкілеттіктері қайта басталады, ал содан соң, аталған бапта көзделген іс жүргізу әрекеттері жасалғаннан кейін тоқтатылады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

12-бап. Төрешіні ауыстыру

Төрешінің өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда, басқа төреші ауыстырылатын төреші сайланған (тағайындалған) кезде қолданылған ережелерге сәйкес сайланады (тағайындалады).

Ауыстыру тәртібімен сайланған (тағайындалған) төреші іс бойынша қайтадан тыңдау тағайындауға құқылы.

3-тарау. ТӨРЕЛІКТЕ ДАУДЫ ШЕШУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫСТАР

13-бап. Төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстар

1. Дауды төрелікте шешуге байланысты шығыстарға:
төрешілердің гонорары;

төрешілердің төрелікте іс қарауға қатысуына байланысты шеккен шығыстары,
соның ішінде дау қаралатын жерге жол жүру, онда тұру және тамақтану
ақысының шығыстары;

сарапшыларға және аудармашыларға төленуге тиісті сомалар;
төрешілердің жазбаша және заттай айғақтарды олардың тұрған жерінде қарап
көруге және зерттеуге байланысты шеккен шығыстары;
куәлар шеккен шығыстар;

төрелік шешімі өз пайдасына шығарылған тараптың өкіл көрсеткен
қызметтерінің ақысын төлеуге жұмсалған шығыстары;
төрелікте іс қарауды ұйымдастыруға және материалдық қамтамасыз етуге
жұмсалған шығыстары кіреді.

2. Тұрақты жұмыс істейтін төрелікте төрешілер гонорарының мөлшерін
тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде көзделген төрешілер
гонорарының шәкіліне сәйкес төреліктің құрамы айқындайды.

Тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде төрешілер гонорарының
белгіленген мөлшеріне нұсқау болмаған кезде, төрелік төреші гонорарының
мөлшерін дау бойынша іс қараудың әрбір нақты жағдайында, қойылған талаптың
бағасын, даудың күрделілігін, төрешілердің төрелік іс қарауға кеткен уақытын
және іске қатысты кез келген басқа да мән-жайларды ескере отырып айқындауы
мүмкін.

3. Төрелікте нақты дауды шешу үшін төрешілер гонорарының мөлшері
тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, ал келісім болмаған жағдайда
тұрақты жұмыс істейтін төрелік үшін көзделген тәртіппен нақты дауды шешуге
арналған төрелік белгілейді.

14-бап. Төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстарды бөлу

1. Тараптар арасында төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстарды бөлуді төрелік тараптардың келісіміне сәйкес, ал келісім болмаған жағдайда қанағаттандырылған және қабылданбаған талаптарға бара-бар жүргізеді.

2. Егер келтірілген шығыстарды өндіру туралы талап төрелікте іс қарау барысында мәлімделіп, оны төрелік қанағаттандырған болса, төреліктің шешімі өз пайдасына шешілген тараптың өкіл көрсеткен қызметтердің ақысын төлеуге жұмсаған шығыстары, сондай-ақ төрелікте іс қарауға байланысты өзге де шығыстары төреліктің шешімі бойынша басқа тарапқа қатысты болуы мүмкін.

3. Төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстарды бөлу төреліктің шешімінде немесе ұйғарымында көрсетіледі.

4-тарау. ТӨРЕЛІКТІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

15-бап. Төреліктің өз құзыреті туралы қаулы шығаруға құқығы

1. Төрелік өзіне шешуге берілген дауды қарауға өкілеттіктері (юрисдикциясы) бар немесе жоқ екендігі туралы мәселені, оның ішінде тараптардың бірі төрелік келісім жарамсыз деген себеппен төрелік іс қарауға қарсылық білдірген жағдайда **д е р б е с** **ш е ш е д і .**

2. Тараптар даудың мәні бойынша алғашқы өтініш берілгенге дейін төреліктің өзіне шешуге берілген дауды қарауға төрелік соттың өкілеттіктері жоқ екені туралы мәлімдеуге құқылы.

3. Егер төрелік іс қарау барысында қаралуы төрелік келісімде көзделмеген мәселе төрелікте іс қараудың нысанасына айналса, не ол осы іс қарауда қолданылатын құқық нормаларына немесе төрелік іс қарау ережелеріне сәйкес төрелікте іс қараудың нысанасы болуы мүмкін емес болса, тарап төреліктің өз өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны туралы мәлімдеуге құқылы.

4. Төрелік осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жасалған өтінішті он күн мерзімде қарауға міндетті. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша ұйғарым **ш ы ғ а р ы л а д ы .**

5. Егер төрелік өзінің құзыреті туралы мәселені қарау кезінде төреліктің дауды қарауға өкілеттіктері жоқтығы туралы ұйғарым шығарса, онда төрелік дауды мәні бойынша қарай алмайды.

15-1-бап. Төреліктің талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау туралы өкім ету өкілеттігі

1. Егер тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса, онда төрелік кез келген тараптың өтініші бойынша қандай да бір тараптың өзі қажет деп есептеген даудың

нысанасына қатысты талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде осындай шаралар қабылдауы туралы өкім ете алады, бұл туралы ұйғарым шығарады.

2. Төрелікте қаралатын талап қоюды қамтамасыз ету туралы өтінішті тарап төрелік іс қарау жүзеге асырылатын жер бойынша немесе оған қатысты талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдануы мүмкін мүліктің орналасқан жері бойынша құзыретті сотқа береді.

Ескерту. Заң 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

5-тарау. Төрелік іс қарауды жүргізу

Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

16-бап. Төрелік іс қарау ережелерін айқындау

1. Төрелік іс қарауды тұрақты жұмыс істейтін төрелік өзінің регламентіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Төрелік нақты дауды шешу үшін төрелік іс қарауды тараптармен келісілген ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде, сондай-ақ осы Заңның ережелерінде айқындалмаған және тараптармен келісілмеген төрелік іс қараудың қағидаларын төрелік айқындайды.

17-бап. Төрелік орны

Тараптар, дау тұрақты жұмыс істейтін төреліктің қарауына берілетін жағдайды қоспағанда, төреліктің орнын өз қалаулары бойынша айқындауы мүмкін. Мұндай уағдаластық болмағанда, төреліктің орнын, тараптар үшін қолайлылық факторын қоса алғанда, істің мән-жайын ескере отырып, төрелік айқындайды.

18-бап. Талап арыз және талап арызға пікір

1. Талапкер өзінің талаптарын талап арызда баяндайды, ол төрелікке жазбаша нысанда беріледі. Талап арыздың көшірмесі жауапкерге беріледі.

2. Талап арызда:

- 1) талап арыздың берілген күні;
- 2) тараптардың атауы, олардың почталық мекенжайы және банк деректемелері;
- 3) төрелікке жүгіну негіздемесі;
- 4) талапкердің талаптары;
- 5) талапкер өзінің талаптарын негіздеген мән-жайлар;
- 6) талап арыздың негіздерін растайтын дәлелдемелер;
- 7) егер талап қою бағалануға жатса, талап қоюдың бағасы;
- 8) талап арызға қоса берілетін құжаттар мен өзге де материалдардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

Талап арызға талапкер немесе сенімхаттың немесе өкілдің өкілеттігін куәландыратын өзге құжаттың түпнұсқасы қоса беріле отырып, оның өкілі қол қоюға тиіс.

3. Төреліктің регламентінде талап арыздың мазмұнына қосымша талаптар көзделуі мүмкін.

4. Жауапкер талапкерге және төрелікке онда өзінің талап қоюға қарсылықтарын баяндай отырып, талап арызға пікір ұсынуға құқылы. Талап арызға пікір төреліктің регламентінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде талапкерге және төрелікке беріледі.

Егер төреліктің регламентінде талап арызға пікір беру мерзімі айқындалмаса, онда көрсетілген пікір, егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, төреліктің бірінші отырысына кемінде күнтізбелік он күн қалғанда ұсынылады.

5. Тарап төрелік іс қарау барысында өзінің талап арыздарын немесе талап қоюға қарсылықтарын өзгертуге немесе толықтыруға құқылы.

19-бап. Төрелік іс қарауды қозғау

1. Төрелік талап арызды қабылдап, төрелік регламентіне немесе тараптар келіскен ережелерге сәйкес төрелік іс қарауды қозғау туралы ұйғарым шығарады, тараптарға оның қаралатын орны туралы хабарлайды, жауапкерге талап арызға жазбаша пікір табыс етуді ұсынады.

2. Жауапкердің қарсылықтарын табыс етпеуі дауды қарауға кедергі бола алмайды.

20-бап. Төрелік іс қараудың басталуы

1. Егер тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса, төреші тараптарға төрелік отырысының уақыты мен орны туралы алдын ала және тиісті түрде хабарлама тапсыруға міндетті.

2. Егер тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса, онда тараптардың бірі төрелікке ұсынатын барлық құжаттардың, материалдардың көшірмелері мен ақпаратты төрелік олар төрелікке келіп түскен күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде екінші тарапқа беруге тиіс. Төрелік сараптамалық қорытындыларды тараптарға төрелік іс қарау басталғанға дейін беруге тиіс.

21-бап. Талап арызды қайтару

1. Төрелік, егер:

- 1) тараптар арасында төрелік келісім болмаса;
- 2) талап қою төрелік келісімде көзделмеген төрелікке берілсе;
- 3) талап қоюдың нысанасы төрелік келісімнің шеңберінен тыс болса;
- 4) талап арызға қол қоюға өкілеттіктері жоқ адам қол қойса;
- 5) талапкер талап арызды қайтарып алу туралы өтініш берсе;
- 6) осы немесе басқа төреліктің іс жүргізуінде сол тараптар арасындағы сол нысана туралы және сол негіздер бойынша дау жөнінде іс бар болса, талап

а р ы з д ы

қ а й т а р а д ы .

2. Талап арыз қайтарылған кезде төрелік дәлелді ұйғарым шығарады.

3. Арыздың қайтарылуы талапкердің сол жауапкерге сол нысана туралы және сол негіздер бойынша талап қойып төрелікке қайтадан жүгінуіне кедергі келтірмейді.

22-бап. Төрелік іс қарау тілі

1. Тараптар төрелік іс қарау барысында пайданылатын тіл немесе тілдер туралы өз қалаулары бойынша уағдаласуы мүмкін. Мұндай уағдаластық болмағанда төрелік іс қарау кезінде пайдалануға тиісті қазақ тілін, онымен тең орыс тілін немесе өзге де тілдерді айқындайды.

Төрелік іс қарау жүргізіліп отырған тілді меңгермеген іске қатысушы адамдарға аудармашы арқылы іс материалдарымен танысу, төрелік іс қарауға қатысу құқығы, төрелікте ана тілінде сөйлеу құқығы қамтамасыз етіледі.

2. Құжаттар мен өзге де материалдарды төрелік іс қарау тілінде (тілдерінде) ұсынбаған тарап олардың аудармасын қамтамасыз етеді, бұл ретте төреліктің регламентінде не тараптардың келісімінде қосымша талаптар айқындалуы м ү м к і н .

3. Төрелік тараптардан құжаттар мен өзге де материалдардың төрелік іс қарау тіліндегі (тілдеріндегі) аудармасын талап етуі мүмкін.

23-бап. Құжаттардың табыс етілмеуі немесе тараптардың келмей қалуы

1. Құжаттар мен өзге де материалдарды табыс етпеу, оның ішінде төрелік отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген тараптардың бірінің немесе олардың өкілдерінің төрелік отырысына келмей қалуы, егер құжаттар мен өзге де материалдарды табыс етпеу себептерін немесе тараптардың төрелік отырысына келмей қалуын ол дәлелсіз деп таныса, ұсынылып отырған материалдар мен дәлелдемелер негізінде төрелік іс қарау және төреліктің шешім қабылдауы үшін кедергі болып табылмайды.

2. Жауапкердің талап қоюға қарсылықтарын табыс етпеуін талапкердің талаптарын тану ретінде қарастыруға болмайды.

24-бап. Тараптардың жазбаша хабарламалар алуы

Егер тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса:

1) егер кез келген жазбаша хабарлама адресаттың тұрақты тұрғылықты жері бойынша немесе пошталық мекенжайы бойынша оның өз қолына жеткізілсе, ол алынды деп есептеледі; мұндайларды ақылға қонымды анықтама жүргізу арқылы анықтау мүмкін болмаса, егер ол соңғы белгілі тұратын жеріне тапсырыс хатпен немесе осы хабарламаны жеткізу әрекетін тіркеуді көздейтін өзге де түрде жіберілсе, жазбаша хабарлама алынды деп есептеледі;

2) жазбаша хабарлама осындай жеткізілген күні алынды деп есептеледі.

25-бап. Тараптардың құқықтары

Төрелік іс қарауға қатысушы тараптардың:

- 1) іс материалдарымен танысуға және осы материалдардан көшірмелер алуға;
- 2) дәлелдемелерді табыс етуге;
- 3) өтініш білдіруге, төрешілерден бас тартуға;
- 4) процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға, ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге;
- 5) процесс барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін табыс етуге;
- 6) басқа тараптың өтініштеріне және дәлелдеріне қарсылық білдіруге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті сот алдында төреліктің шешімін мәжбүрлеп орындату туралы өтініш беруге;
- 8) осы Заңда белгіленген жағдайларда төреліктің шешіміне шағымдануға құқығы бар.

25-1-бап. Тараптардың төрелік отырысына қатысуы

1. Әрбір тарапқа өз ұстанымын баяндау және өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тең мүмкіндіктер берілуге тиіс.

2. Егер тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса, онда төрелік іс қарау тараптардың немесе олардың өкілдерінің қатысуымен төреліктің жабық отырысында жүзеге асырылады.

Тараптар өкілдерінің өкілеттіктері Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген талаптар сақтала отырып ресімделуге тиіс.

25-2-бап. Дәлелдемелерді табыс ету және зерттеу

Әрбір тарап өз талаптары мен қарсылықтарының негіздемесі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс. Егер табыс етілген дәлелдемелер жеткіліксіз деп тапса, төреші тараптарға қосымша дәлелдемелер табыс етуді ұсынуда құқылы.

Төреші іс бойынша қолда бар барлық дәлелдемелерді тікелей зерттеуге міндетті.

25-3-бап. Төрелік тағайындаған сарапшы

1. Егер төрелік іс қарауға қатысушы тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса, төрелік:

1) төрелік айқындайтын нақты мәселелер бойынша өзіне қорытындылар беруі үшін бір немесе бірнеше сарапшы тағайындауы;

2) тараптан іске қатысты кез келген ақпаратты сарапшыға табыс етуін не оған іске қатысты құжаттардың, тауарлардың немесе басқа да мүліктің тексеріп қарау үшін ұсынылуын немесе тексеріп қарауға мүмкіндік берілуін талап етуі мүмкін.

2. Тараптардың өзге жөнінде уағдаластығы болмаған кезде, егер тарап бұл туралы өтінсе немесе төрелік оны қажет деп есептесе, сарапшы өзінің жазбаша

немесе ауызша қорытындысын табыс еткеннен кейін тыңдауға қатысуға тиіс, онда тараптарға оған сұрақтар қою және даулы мәселелер бойынша айғақтар беру үшін мамандар ұсыну мүмкіндігі беріледі.

25-4-бап. Құзыретті соттың қамтамасыз ету шараларын ұсынудағы және дәлелдемелер алудағы жәрдемі

1. Тараптар төрелік іс қарау кезінде талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану туралы өтінішпен құзыретті сотқа жүгінуге құқылы. Құзыретті соттың талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарым қабылдауы төрелік келісіммен сыйыспаушылық болып табылмайды.

2. Төрелікте қаралып жатқан талап қоюды қамтамасыз ету туралы өтінішті тарап құзыретті сотқа төрелік іс қарау жүзеге асырылатын орын немесе оған қатысты қамтамасыз ету шаралары қолданылуы мүмкін мүліктің тұрған жері бойынша б е р е д і .

3. Құзыретті соттың төрелікте қаралатын талап қоюды қамтамасыз ету туралы өтінішті қарауы және оның талап қоюды қамтамасыз ету туралы немесе оны қамтамасыз етуден бас тарту туралы ұйғарым шығаруы Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

4. Төрелікте қаралып жатқан талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарымның күшін тараптардың бірінің өтініші бойынша осы ұйғарымды шығарған құзыретті сот жоюы мүмкін.

5. Төрелік немесе төреліктің келісімімен тарап дәлелдемелер алуға жәрдемдесу туралы құзыретті сотқа өтініш жасауы мүмкін. құзыретті сот осы өтінішті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарайды.

25-5-бап. Қарсы талап қою және қарсы талаптарды есепке алу

1. Қарсы талаптың талапкердің талаптарымен өзара байланысы болған жағдайда, сондай-ақ төреліктің қарсы талап қоюды төрелік келісімге сәйкес қарауы мүмкін болатын жағдайда, жауапкер талапкерге қарсы талап қоюға қ ұ қ ы л ы .

2. Егер тараптар қарсы талап қою үшін өзге мерзімге келіспесе, қарсы талап қою төрелік шешім қабылдағанға дейін, төрелік іс қарау барысында қойылуы м ү м к і н .

3. Қарсы талап қою осы Заңның 18-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес к е л у г е т и і с .

4. Талапкер төрелік іс қарау регламентінде немесе ережелерінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде қарсы талап қоюға қарсылықтарын ұсынуға құқылы.

5. Егер тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса, онда жауапкер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, қарсы талап қоюды есепке алуды талап етуге құқылы.

6-тарау. ТӨРЕЛІК ШЕШІМІН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ІС ҚАРАУДЫ ТОҚТАТУ

26-бап. Даудың мәніне қолданылатын нормалар

1. Төрелік дауды қарағанда тараптар қолданылады деп таңдаған құқық нормаларына сәйкес дауды шешеді. Қандай да бір мемлекеттің құқығына немесе құқық жүйесіне кез келген сілтеме жасау оның қайшылықты нормаларына емес, осы мемлекеттің материалдық құқығына тікелей сілтеме ретінде түсіндірілуге т и і с .

2. Тараптардың қолданылатын құқық туралы келісімі болмаған жағдайда, қолданылатын құқықты төрелік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес а й қ ы н д а й д ы .

3. Нақты құқық қатынастарын реттейтін нормалар болмаған кезде, төрелік осы мәмілеге қолданылатын іскерлік айналымның әдет-ғұрыптарына сәйкес шешім қабылдайды.

27-бап. Бітімгершілік келісім

1. Егер тараптар дауды төрелікте іс қарау барысында реттесе, төрелік іс қарауды тоқтатады және тараптардың өтініші бойынша бұл реттеуді келісілген шарттармен төрелік шешім ретінде тіркейді.

2. Келісілген шарттардағы төрелік шешім осы Заңның 28-бабының ережелеріне сәйкес шығарылуға тиіс. Мұндай төрелік шешім даудың мәні бойынша кез келген басқа төрелік шешім сияқты орындалуға тиіс.

28-бап. Төрелік шешімнің нысаны мен мазмұны

1. Төрелік шешім жазбаша нысанда жазылады және оған төрелік құрамына кіретін төрешілер, соның ішінде ерекше пікірі бар төреші қол қояды, оның жазбаша ұстанымы төрелік шешімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Егер төрелік іс қарау алқалы түрде жүзеге асырылса, онда басқа төрешілердің қолдары болмауының дәлелді себебі көрсетілген жағдайда, шешімге төреліктің құрамына кіретін төрешілердің көпшілігі қол қоюы мүмкін.

2. Төрелік шешімде төреліктің күні мен орны, төрелік шешім негізделген д ә л е л д е р к ө р с е т і л е д і .

3. Төрелік шешім қабылдағаннан кейін шешімнің данасы әрбір тарапқа тапсырылуға не жіберілуге тиіс.

29-бап. Төрелік іс қарауды тоқтату

1. Төрелік іс қарау осы баптың 2-тармағында аталған негіздер бойынша төрелік іс қарауды тоқтату туралы ұйғарым шығару арқылы тоқтатылады.

2 . Т ө р е л і к , е г е р :
жауапкер даудың мәні бойынша шешілуіне өзінің заңды мүддесінің болуына

байланысты төрелік іс қарауды тоқтатуға қарсылығын мәлімдемесе ғана, талапкер өзінің талабынан бас тартқан және төрелік бас тартуды қабылдаған; төрелік өзіне шешуге берілген дауды қарауға төреліктің құзыреті жоқ екендігі туралы ұйғарым шығарған;

сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша қабылданған құзыретті соттың немесе төреліктің заңды күшіне енген шешімі болған;

тараптар төрелікте іс қарауды тоқтату туралы келісімге келген; төрелікте талқылау тарапы болып табылатын заңды тұлға таратылған; төрелік іс қараудың тарабы болып табылатын жеке тұлға қаза тапқан (қайтыс болды деп жарияланған) не ол хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда төрелікте іс қарауды тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 125-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30-бап. Шешімді түзету және түсіндіру. Қосымша шешім

1. Егер тараптар өзге мерзімге келіспесе, төрелік шешімді алғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн ішінде:

1) тараптардың кез келгені бұл туралы екінші тарапты хабардар ете отырып, төреліктен шешімдегі есептеулерде жол берілген кез келген қателерді, жаңылыс жазуларды немесе жаңсақ жазылымдарды не осындай сипаттағы өзге де қателерді түзетуді өтінуі мүмкін;

2) тараптардың кез келгені бұл туралы екінші тарапты хабардар ете отырып, төреліктен қабылданған шешімнің қандай да бір нақты тармағына немесе бөлігіне түсініктеме беруді өтінуі мүмкін.

Егер, төрелік өтінішті негізді деп санаса, оны алғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде тиісті түзетулер енгізуге немесе түсініктеме беруге тиіс. Төрелік шешімге шығарылған түсініктеме төрелік шешімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Төрелік шешім шығарылған күннен бастап есептегенде күнтізбелік алпыс күн ішінде төрелік өз бастамасы бойынша осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында аталған кез келген қатені түзете алады.

3. Егер, тараптар өзге жөнінде уағдаласпаса, онда тараптардың кез келгені бұл туралы екінші тарапты хабардар ете отырып, төреліктің шешімін алғаннан кейін төрелікте іс қарау барысында мәлімделген, алайда шешімде көрініс таппаған талаптарға қатысты қосымша шешім шығаруды күнтізбелік алпыс күн ішінде төреліктен өтінуі мүмкін. Егер төрелік өтінішті негізді деп санаса, оны алғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн ішінде қосымша төрелік шешім шығаруы тиіс.

4. Төрелік қажет болған жағдайда мерзімді ұзарта алады, бірақ бұл мерзім күнтізбелік алпыс күннен аспауға тиіс, осы мерзім ішінде осы баптың 1 немесе 3-тармақтарына сәйкес, қателердің түзетілуі, түсініктеме берілуі немесе қосымша төрелік шешім шығарылуы қажет.

Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

7-тарау. ТӨРЕЛІК ШЕШІМГЕ ШАҒЫМ ЖАСАУ

31-бап. Төрелік шешімнің күшін жою туралы өтініш

1. Төрелікте талқылау тараптары не құқықтары мен міндеттері қозғалған үшінші тұлғалар төреліктің шешіміне Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен құзыретті сотқа шағым жасауы мүмкін.

2. Құзыретті сот, егер:

1) күшін жою туралы өтініш білдірген тарап:

құзыретті сот төрелік келісім тараптарының бірін әрекетке қабілетсіз немесе тараптар оны бағындырған заң бойынша, ал мұндай нұсқау болмаған кезде - Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік келісімнің күші жоқ деп танығанын;

төрешінің тағайындалуы туралы немесе төрелік іс қарау туралы оның тиісті түрде хабардар болмағанының немесе құзыретті сот дәлелді деп таныған басқа да себептер бойынша өзінің түсіндірулерін табыс ете алмағанының;

төрелік шешімнің төрелік келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша шығарылғандығының, не төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратындығының, сондай-ақ даудың төреліктің ведомстволық қарауына жатпауы салдарының дәлелдемелерін табыс еткен жағдайларда ғана төрелік шешімнің күшін жоюы мүмкін.

Егер, төрелік келісіммен қамтылған мәселелер жөніндегі төреліктің шешімі мұндай келісімде қамтылмайтын мәселелер жөніндегі шешімдерден бөлінуі мүмкін болса, онда төрелік келісімде қамтылмайтын мәселелер жөніндегі шешімдерден тұратын төрелік шешімнің бөлігі ғана күшін жоюы мүмкін;

төреліктің құрамы немесе іс қараудың төрелік рәсімі тараптардың келісіміне және төреліктің регламентіне сәйкес келмегендігінің;

2) құзыретті сот төрелік шешімнің Қазақстан Республикасының жариялылық тәртібіне қайшы келетінін немесе төрелік шешім шығарылған дау Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік іс қараудың нысанасы болуы мүмкін еместігін айқындауының дәлелдемелерін табыс еткен жағдайларда ғана төрелік шешімнің күшін жоюы мүмкін.

3. Күшін жою туралы өтініш осы өтінішті мәлімдеген тараптың төрелік

шешімді алған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін, ал өтініш осы Заңның 30-бабына сәйкес берілген жағдайда, төрелік осы өтініш бойынша шешім шығарған күннен бастап мәлімделуі мүмкін емес.

4. Құзыретті сот тараптардың бірінің өтініші бойынша төрелік іс қарауды жаңарту үшін не төрелік шешімінің күшін жоюдың негіздемесін жоюға мүмкіндік беретін өзге де шараларды қолдану үшін төрелік шешімнің күшін жою туралы өтініш бойынша іс жүргізуді белгілі бір мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

5. Құзыретті сот төрелік шешімнің күшін жою туралы мәселе бойынша ұйғарым шығарады. Бұл ұйғарымға Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес шағым жасалуы немесе наразылық білдірілуі мүмкін.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 125-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-тарау. ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРДІ ТАҢУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ

32-бап. Қазақстан Республикасында төрелік шешімді тану және орындау

Төрелік шешім міндетті деп танылады және құзыретті сотқа жазбаша өтініш берілген кезде Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес орындалады.

Ескерту. 32-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

33-бап. Төрелік шешімді танудан немесе орындаудан бас тарту үшін негіздемелер

1. Құзыретті сот мына негіздер бойынша:

1) егер осы тарап құзыретті сотқа:

құзыретті сот төрелік келісім тараптарының бірін әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп тануының;

төрелік келісімнің оны тараптар бағындырған заң бойынша, ал мұндай нұсқау болмағанда - Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жарамсыздығының;

шешім өзіне қарсы шығарылған тараптың төрешінің тағайындалуы туралы немесе төрелік іс қарау туралы тиісті түрде хабардар етілмегенінің немесе құзыретті сот дәлелді деп таныған басқа да себептер бойынша өзінің түсініктемелерін табыс ете алмағанының;

төрелік шешімнің төрелік келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша шығарылғандығының, не төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратынының, сондай-ақ

даудың төреліктің ведомстволық қарауына жатпауы салдарының дәлелдемелерін табыс еткен жағдайларда ғана төрелік шешімнің қай елде шығарылғанына қарамастан, оны танудан немесе орындаудан бас тартады.

Егер, төрелік келісімде қамтылған мәселелер жөніндегі төреліктің шешімі мұндай келісімде қамтымайтын мәселелер жөніндегі шешімдерден бөлінуі мүмкін болса, онда төрелік келісімде қамтылмайтын мәселелер жөніндегі шешімдерден тұратын төрелік шешімнің бөлігі ғана күшін жоюы мүмкін;

төреліктің құрамы немесе іс қараудың төрелік рәсімі тараптардың келісіміне сәйкес келмегендігінің немесе ол болмағанда, төрелік орналасқан елдің заңына сәйкес келмегендігінің;

шешім тараптар үшін әлі де міндетті емес болғанының немесе күші жойылғанының немесе оның орындалуын өз заңына сәйкес шешім шығарған елдің соты тоқтатып қойғандығының;

2) егер құзыретті соттың осы төрелік шешімді тану немесе орындау Қазақстан Республикасының жариялылық тәртібіне қайшы келетінін немесе төрелік шешім шығарылған дау Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік іс қараудың нысанасы болуы мүмкін еместігін анықтауының дәлелдемелерін табыс етсе, төрелік шешімнің қай елде шығарылғанына қарамастан, оны танудан немесе орындаудан бас тартады.

2. Құзыретті сот төрелік шешімді тану немесе орындау туралы мәселе бойынша ұйғарым шығарады. Бұл ұйғарымға Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес шағым жасалуы немесе наразылық білдірілуі мүмкін.

Ескерту. 33-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті